Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың таңдауы бойынша ермексаздан лақтарға қорек жасау дағдыларын, ертегі кейіпкерлерін ретімен фланелеграфта жапсыру дағдыларын пысықтау (мүсіндеу, жапсыру)	Құрастыру ойыншықтарынан қоралар құрастыруды жетілдіру (Құрастыру) Фланелеграфта үй жанурларын төлдерімен сәйкестендіріп жапсыруды меңгерту (Жапсыру)	Балалардың қалауы бойынша еркін ермексаздан мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. (Мүсіндеу) Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу дербес қимыл жасауын дамыту(құрастыру)	Дидкатикалық ойын «Бұл қай жануар?» Суреттің жартысын көрсету арқылы атауын атап, әңгімелеу дағдысын дамыту (көркем әдебиет) Ойыншықтарды шашып тастап, қайта жинауды	Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін тауып, мүсінін жасау дағдыларын дамыту. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру

			Ойыншық атқа мініп ойнауды үйрету. «Тұлпарым» әнін тыңдату, бірге қимылдар жасату (музыка)	қалыптастыру. (сенсорика)	амалдарын қалыптастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Қаржаубай Хангелді дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауды үйрету.	Қайрат Жанұя «Алма» тақпағын жаттату.	Марат Томирис саусақ бұлшықеттерін дамыту.	Мұрат Асылым көркем қабылдауын дамыту.	Таңат Тахмина бірдей жемістерден топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету дағдысын қалыптастыру.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Лақтардың суретін құрастыруын жаттықтыру. (кесін екі карточкамен жұмыс) (құрастыру) Еркін ойындар Жеке әңгімелесулерді жүргізу	Қ/о «Шарды ұста» Балалардың дербес әрекеттері Саусақ бұлшықеттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындар ойнату (сенсорика)	Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	Ертегідегі үй жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету (қоршаған ортамен таныстыру) Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш»	Қ/О «жүгіріп қағып ал» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар Құрастыру ойыншықтарынан үй жануарларын құрастыруды ұсыну (Құрастыру)

				Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері	
Балалардың үйге қайтуы	Жеті лақ, үйшік мультфилімін бірге тамашалауға кеңес беру. Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру. Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қараша айы 2023 жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 27.11.2023	Сейсенбі 28.11.2023	Сәрсенбі 29.11.2023	Бейсенбі 30.12.2023	Жұма 01.12.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу, смалик арқылы көңіл күйін көтеру.. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың бала бақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау. Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Зейінді бол», «Кім жоқ?», «Бұл не?» Саусақ ойыны «Орманда», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылату. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертенгі жаттығуларды жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіспеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Бала баламыз, Бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа Батамызда қаламыз.»				

	(көркем әдебиет) тақпағын естеріне түсіріп айту. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Үй құстары» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Дене шынықтыру Өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын өртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру.	Музыка Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу.	Дене шынықтыру заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу;	Дене шынықтыру Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру.
	Үй құстары атты мультфильм көрсету. Мультфильм желісі бойынша айтылған сөздерді қайталап айтуын үйрету (сөйлеуді дамыту) Кітаптардан «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің кітабын көрсету. Суреттерге қарап ертегіні желісін бұзбай айту дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі	Тауық пен баланның суретін көрсету, сұрақтарға жауап беру аясында байланыстырып сөйлеуді үйрету Көңілді әуенге билету. «Менің шөжегім» әніне қосылып айтуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)	Қуыр-қуыр, қуырмаш Балапанға бидай шаш Әжең келсе есік аш Қасқыр келсе мықтап бас Мультфильм көру. Бірге айту, әр баламен ойнау. Сөздерін қайталап айтқызу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Ұйректі бояту. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту	Таңдауы бойынша үй құстарын бояту, ермексаздан мүсінін жасату, фланелеграфта бір қатарға жапсыру жұмыстарды орындауға талпындыру. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; (сурет салу, мүсіндеу жапсыру)	Тауық, әтеш, балапан суреттерін көрсетіп бір отбасы екенін түсіндіру. Дауыстарын салдырту. Атауларын атау. ойын еркін әрекетін ұйымдастыру. Бір бірімен қарым қатынас жасауын қалыптастыру. (көркем әдебиет) Бірдей құстардан топтар құрастыру

	желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын дамыту. (көркем әдебиет) Бастыру әдісімен үй құстарын салдырту. (сурет салу)		(сурет салу) Саусақ бұлшықеттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындар ойнату (сенсорика)		және олардың біреуін бөліп көрсету дағдысын қалыптастыру. (сенсорика)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балабақша ауласындағы құстарды қарау, бақылату. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар Саусақ бұлшықеттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындар ойнату (сенсорика)	Балабақша ауласын таныстыру, ауа райы туралы айтып беру. (қоршаған ортамен танысу) Бормен еркін сурет салдырту. (сурет салу) Қимылды ойын «Түсіне қарай жина» доптармен ойын ойнату	Кітаптан үйрек, қаздың суретін қарау, дауысын салуын пысықтау. (көркем әдебиет) Балалардың дербес әрекеттері Аспандағы бұлтқа, жаңбыр мен желге қарауды ұйымдастыру Өзгерістерді байқауды үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру)	Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар ойнату (құрастыру) Жапырақтармен, бұтақтарды жинап себетке салғызу Олардың ағаштан түскенін байқату. (қоршаған ортамен таныстыру) Қ/о «Шарды ұста»	Үй құстарына тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (тұмсығы, қанаттары құйрығы, аяқтары,) ажыратып және атай білуге үйрету Балабақша ауласында ұшып жүрген құстардың қанаттарын көрсету. Құстар ұқсап қанаттарын қағу секілді қимылдарды

					жасату. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Жайлы тынышталдыратын музыка қойып қою (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың таңдауы бойынша ермексаздан үй құстарына арналған жем жасату фланелеграфта үй құстарын тауып жапсыру дағдыларын пысықтау (мүсіндеу, жапсыру)	Құрастыру ойыншықтарынан балапанды құрастыруды үйрету (Құрастыру) Тауықтармен балапанды жапсыруды менгерту (Жапсыру) Ермексаздан құстарға жем жасату.	Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттерді таңдауын ұйымдастыру. Ермек саздан үйректі мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. (Мүсіндеу) Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу дербес қымыл жасауын дамыту (құрастыру)	Дидкатикалық ойын «Бұл қай құс?» Құстардың ойыншықтарын көрсету арқылы атауын атап, әңгімелеу дағдысын дамыту (көркем әдебиет) Үй құстарын шашып тастап, қайта жинату. (сенсорика)	Кітаптарды көрсетіп, балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін тауып, мүсінін жасау дағдыларын дамыту. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру амалдарын қалыптастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Тұрғынбай Нұриман мультфильм желісі бойынша айтылған сөздерді қайталап айтуын үйрету.	Қалиділда Жанболат «Менің шөжегім» әнін қосылып айтуды үйрету.	Бақыт Айсұлтанбейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту	Айдынұлы Төре-Алибір қатарға жапсыру жұмыстарды орындауға талпындыру.	Жұмабек Дания тауық, әтеш, балапан суреттерін көрсетіп бір отбасы екенін түсіндіру.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен				

	жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/О «Қуыр-куыр куырмаш» Тастардан мұнара құрастыруды көрсетіп үйрету. (құрастыру) Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/о «Шарды ұста» Балалардың дербес әрекеттері Саусақ бұлшықеттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындар ойнату(сенсорика)	Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	Үй құстарына тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (тұмсығы, қанаттары құйрығы, аяқтары,) ажыратып және атай білуге үйрету (қоршаған ортамен таныстыру) Қ/о «Қуыр-куыр куырмаш» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері	Қ/О «жүгіріп қағып ал» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар Құрастыру ойыншықтарынан жемістерді құрастыруды үйрету (Құрастыру)
Балалардың үйге қайтуы	Шалқан, бауырсақ мультфильмін бірге тамашалауға кеңес беру. Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру. Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.				

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАР

Қараша айы

Бастапқы қалып: Тәрбиешінің соңынан жүріп (15 сек) сапқа тұрады.

Бастапқы қалып: Балалар қолдарын белдеріне қойып, оң – сол жаққа иіліп сап түзеп жүреді. (Қонжықтар серуенге шықты).

Бастапқы қалып: Қолдарын белдеріне қойып бытырап жүреді. Еңкейіп қолдарын еденге тигізеді. (Қонжықтар жиде тереді).

Бастапқы қалып: Оңға бұрылып бойымен тәрбиешінің соңынан қолдарын бүйіріне қойып жүру

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

Өз үйінді тап

Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзынша орындықта қуыршақ, екіншісінде –ит, үшіншісінде-мысық, төртіншісінде-аю, қояю. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді.

Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында, тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орынын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек.

Жүгіріп қағып ал.

Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады. (қашықтығы 1,5-2м) Тәрбиеші» Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» -деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер» дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңына еріп жүреді.

Құстың қауырсыны кімге барады.

Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан – жаққа қашып жүгіреді, ойын жалғасады.

Жалауға қарай жүгір

Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы жалауды жоғары көтереді. Балалар тәрбиешінің қасына жиналады. Жалауды қайта түсіргенде балалар жан-жаққа тарап кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанған соң, бір бала жалауын көтеріп жүреді, басқа балалар соңынан еріп жүреді. Ойын басынан қайталана береді.

Шарды ұста

Тәрбиеші ортаға көп үрленген шарларды жайып тастайды. Ойын басталды деген кезде (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды ұстап тәрбиешіге береді. Кім көп шар жинаса сол бала жеңімпаз атанады. 10-15 сек. Ойын жалғасады.

Күн мен жаңбыр

Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді.

Ұшақтар

Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшықтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

Автобус

Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісі. Қалғандары жолаушылар. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.

Торғайлар

Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі торғай болып көрсетеді. Тәрбиеші «Торғайлар ұшады!» деп барлық балармен қолын екі жанына созып, сермеп ұшады. «Торғайлар жерге қонып, жем тере бастады деп» барлық балаларды өз орындарында тоқтатып, отырып, саусақтарымен еденді түрткізеді. Содансоң торғайлар ұйқтады деп, екі алақанын бетінің бір жағына қойып, басын қисайтып, көзін жұмады. Тәрбиешінің осы қимылдарды қайта бастауымен ойын жалғасады.

Төгілген жіптерді жылдам жина

Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді. Тәрбиеші ортаға бірнеше үлкен орама жіптерді тарқатып тастап, бірнеше балаға ораманы алап жіптің ұшына жеткенше орап кел деп, өзі жіптің басын ұстап отырады. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

«Ортамызда кім жоқ»

Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы орамалды баланың біреуінің үстіне жабады-да балалардан сұрайды, ортамызда кім жоқ?

Тәрбиеші орамалды баланың үстінен көтеріп алып, баланың атын айтады.

Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

Санжардың ойыншықтары

Санжар бес жасқа толғанда, әкесінің достары Санжардан он есе келетін ақ аю әкеліп, сыйға тартты. Түрнекші маймыл, кісінеген тұлпар, зырылдаған мәшине, ұшақ, тікұшақ... Ойыншықтардың түрі көп. Әсіресе әкесі мен анасының сыйға тартқан пойызы Санжарға қатты ұнады.

Санжардың Әскербек көкесі теміржолды құрастырып, тепловозға вагондарды тіркеп, іске қосып еді, пойыз музыкалатып, жарығын жарқыратып, жолға түсті. Санжар қауна ойнап, шаршады да кеш жатып, ұйықтап қалды.

Ертесінде Санжар балабақшаға кетті. Оның бөлмесіне кіріп келген әкесі «апатқа ұшырап» жатқан пойызды ойран-топыр шашылып жатқан ойыншықтарды көріп, Санжар мен оның көкесіне кейіп, ойыншықтарды қоймаға жинап тастады.

Санжар балабақшадан келіп:

Әке, менің ойыншықтарым қайда кеткен? — деп, таңырқай сұрады.

Ойыншықтарың «бізді қорлады, шашып тастады» — деп, өкпелеп, қашып кетті, деп әкесі қабағын түйді.

Мен енді ойыншықтарды өкпелетпеймін, оларды орналастырып, жинап қоямын, — деп, Санжар жыламсырады.

Санжардың әкесі оған ойыншықтарын алып келді де:

Ойыншықтар ойнау үшін, ойлау үшін беріледі. Бұларды шашпа. Жинақы бол. Әрбір ойыншықты өз орнына қойып, рет-ретімен ойна, — деп, қатаң талап қойды.

Енді Санжар әкесінің қойған талаптарын орындап, ойыншықтарын шашпай, ретімен ойнап жүр.

Әдібай Табылды

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Желтоқсан айы 2023 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 04.12.2023	Сейсенбі 05.12.2023	Сәрсенбі 6.12.2023	Бейсенбі 7.12.2023	Жұма 8.12.2023
Балаларды қабылдау	Балаларға жайлы ойын жағдайын жасап, көтеріңкі жайдары көңілмен қарсы алу. Тәрбиешімен сәлемдесуін жетілдіру. Баладан көңіл күйіне қарай жағдайын сұрау, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту). Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ауа райына байланысты балалардың жылы киіну жағдайларын талқылау.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында өзі таңдаған ойыншықтармен еркін ойындарды ұйымдастыру. Бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ынталандыру үстел үсті ойындарын ойнауға жұмылдыру, белсенділігін арттыру. Өнер орталығында суретті кітапшаларды бояту, сурет альбомдарын қарауына ықпал жасау. (Балармен жеке жұмыс).				
Таңертеңгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыкамен би қимылдарын бірге жасату. Қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауын жетілдіру т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Музыка Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. Әнді жеке және топпен айтуды дамыту	Дене шынықтыру Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. құрсаудан құрсауға аттап өту. Қолды кеуде тұсында айкастыру және екі жаққа жазу Алға және екі жаққа еңкеюді үйрету.	Дене шынықтыру әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен жүгіру. доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.	Дене шынықтыру отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,3-1,3 метр арақашықтыққа доптарды домалату алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-13 сантиметр) секіру
	Ойыншықтармен ойын барысында сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын үйрету (сөйлеуді дамыту) Қарапайым құрылыстарды (жол,мұнара) атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды үйрету	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу (сөйлеуді дамыту және көркем	Бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жапсыру жұмыстарын жасау желімсіз түрлі түсті шарларды жіптерге жапсыруды үйрету (жапсыру)	«Шалқан» ертегісін оқып беру. Ертегіні түсінуіне жағдай жасау (көркем әдебиет) Әртүрлі көлемдегі заттарды атауын үйретіп, санын (біреу-көп), ажыратуын дамыту (сенсорика)	Ойыншықтармен ойын барысында сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын үйрету (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)

	(Құрастыру)	Әдебиет) Әртүрлі көлемдегі заттарды атауын үйретіп, санын (біреу- көп),ажыратуды меңгерту (сенсорика)			
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту). Күн тәртібіне сәйкес тазаауада болуын қамтамасыз ету.Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.				
Серуен	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Қарды күрекпен жинауды тамашалату (Қоршаған ортамен таныстыру) Фланелеграфта геометриялық фигураларды арнайы ұяларына орналастыруды үйрету (Жапсыру)	Қарапайым құрылыстарды атау ағаш тақтайшаларынан ұзын жол салуды үйрету (Құрастыру) Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына (терезу немесе есік жуғанды)балалардың назарын аудару. (Қоршаған ортамен	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Қарды күрекпен жинауды тамашалату (Қоршаған ортамен таныстыру)	Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. (қоршаған ортамен таныстыру) Бір біріне не істеп жатқанын айтып беру. (Сөйлеуді дамыту) Қарапайым құрылыстарды атау ағаш тақтайшаларынан ұзын жол салу	Ересектердің әрекеттерді (еден жуу) қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қарапайым құрылыстарды атау түрлі түсті жастықтардан мұнара құрастыруды үйрету (Құрастыру)

		таныстыру)		дағдысын пысықтау. (Құрастыру)	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Жағымды музыкамен сүйемелденетін ертегілер тыңдату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Халық әндерін тыңдату (көркем әдебиет) Қуыршаққа арналған әшекей білезікті жасауды үйрету	Фланелеграфта геометриялық фигураларды арнай ұяларына орналастыруды үйрету	Қуыршаққа арналған әшекей сақина жасауды үйрету (мүсіндеу) Әртүрлі көлемдегі заттарды атауын	Қуыршаққа арналған әшекей сақина жасауды жетілдіру (мүсіндеу) Қағазға саусақпен доптар суретін нүкте	Түрлі түсті шарларды бояу (Сурет салу) Қуыршаққа арналған әшекей білезікті жасау дағдысын

	(мүсіндеу)	(Жапсыру) Қағазға саусақпен доптар суретін нүкте басу әдісімен салуды үйрету (Сурет салу)	үйретіп, санын (біреу-көп), ажырату дағдысын дамыту (сенсорика) таныс әндерді қайталап би қимылдарын орындауға ынталандыру (музыка)	басу әдісімен салуды үйрету (Сурет салу)	дамыту (Мүсіндеу) Фланелеграфта геометриялық фигураларды арнайы ұяларына орналастыруды үйрету (Жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Ернияз Асылым құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен жануарларға қора құрастыруды үйрету.	Бейбіт Аяна дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білулерін дамыту.	Нұржанұлы Нұрәли дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды үйрету.	Серік Айлин қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар ойнату.	Ауесхан Айнур аяқтан аяққа тербелу қимылдарын үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ретсіздікті байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Әртүрлі көлемдегі заттарды атауын атап, санын (біреу-көп), ажыратуын дамыту (сенсорика) Қағазға саусақпен доптар суретін нүкте басу әдісімен салуды	Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау (музыка)	Тақтайшаларынан ұзын жол салу дағдысын пысықтау. (Құрастыру) (сурет салу)	Фланелеграфта геометриялық фигураларды арнайы ұяларына орналастыру дағдысын жетілдіру (жапсыру)	Әртүрлі көлемдегі заттарды атауын үйретіп, санын (біреу-көп), ажыратуын дамыту (сенсорика)

	жетілдіру (сурет салу)				
Балалардың үйге қайтуы	Балаға қойылатын сұрақтар туралы кеңес беру. Балалардың күн соңындағы көңіл күйін талқылау				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Желтоқсан айы 2023 жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 11.12.2023	Сейсенбі 12.12.2023	Сәрсенбі 13.12.2023	Бейсенбі 14.12.2023	Жұма 15.12.2023
Балаларды қабылдау	Балаларға жайлы ойын жағдайын жасап, көтеріңкі жайдары көңілмен қарсы алу. Тәрбиешімен сәлемдесуін жетілдіру. Баладан көңіл күйіне қарай жағдайын сұрау, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту). Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың бала бақшаға көтеріңкі көңіл күймен келу жағдайларын талқылау. Балалардың денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу, күн суытуына байланысты жылы киіндіруге кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында өзі таңдаған ойыншықтармен еркін ойындарды ұйымдастыру. Бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ынталандыру үстел үсті ойындарын ойнауға жұмылдыру, белсенділігін арттыру. Өнер орталығында суретті кітапшаларды бояту, сурет альбомдарын қарауына ықпал жасау. (Балармен жеке жұмыс).				
Таңертенгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгігпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыкамен би қимылдарын бірге жасату. Қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауын жетілдіру т. б. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Музыка Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. Әнді жеке және топпен айту	Дене шынықтыру Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. құрсаудан құрсауға аттап өту. Қолды кеуде тұсында аяқастыру және екі жаққа жазу Алға және екі жаққа еңкеюді үйрету	Дене шынықтыру Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. құрсаудан құрсауға аттап өту. Қолды кеуде тұсында аяқастыру және екі жаққа жазу Алға және екі жаққа еңкеюді пысықтау.	
	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Бірдей көліктерді топтастырып ойнату. түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі	Поездың дауысы естірту. Балалардан бұл ненің дауысы? Сұрау. Осы дауысты бірнеше рет айтып қайталану. Содан соң суретін көрсету. Поезд туралы мультиткен үзінді көрсету. Поезд болып бірінің артына бірі тұрып жүруді ұйымдастыру. Құрастыру заттарынан бір қатарға тізіп поезд вагондарын жасату.	Шырша жайлы суреттер көрсетіп оның әдемі мерекелік шамдармен сәнденуімен таныстыру. Шырша жайлы такпақ үйрету (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Пирамиданы сақиналардың көлеміне қарай құрастырып қайта жинау, шашу	Терезеге қаратып, далада қар жатқанын көрсету және аққаламен таныстыру арқылы сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын, сын есімдерді қолдануды үйрету (Сөйлеуді дамыту) Қолдарына қолдан жасалған қар	

	көлемі неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. (Сенсорика)	(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)	дағдысын дамыту (сенсорика)	түйірлерін беріп алақандарына салғызып умаждап қорапқа дәлдеп лақтыруды үйрету (сенсорика)	
Серуенге дайындық	Серуенге шығамыз деп киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді және бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындау дағдасын пысықтау. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту) . Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.				
Серуен	Көліктердің түрлерін таныстырып ойын барысында олар қауіпті екенін түсіндіру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қар түйірлерін жасап біріктіру жолымен аққала бейнесін жасату (мүсіндеу) Қимылды ойын «Шарды ұста»	Өртүрлі көлемдегі заттарды жинап шана жасауды үйрет (кұрастыру) Қар жауғанын бақылау ағаштардың бұталардың қар жамылғанын көрсету Қимылды ойын: «Поезд»	Аю, қоян, түлкі ертегі кейіпкерлерімен танысу қар түйірлерін атысып ойнату (көркем әдебиет) Балалардың дербес әрекеттері (қоршаған ортамен таныстыру)	Ауа райның ерекшеліктерін байқату. Ұлпа қарлар ұшуын, желдің соғуын байқату. (Қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеті. Фланелеграфқа қар ұлпаларын шыршаға	

	Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). (дене шынықтыру)			жапсырып орналастыру ұшақты жапсырту. (жапсыру)	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын айтып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				

	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Көңілді музыканың берілген сипатына сай қимылдар жасату аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу (музыка) Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда дербес әрекеттер. Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен көлік бейнелерін табу, фланелеграфқа жапсырту. (Жапсыру) Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды парак	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, поезд сурет бояту, сазбалшық және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру арқылы поезд дөңгелектерін мүсіндету. Фланелеграф тақтасына поезд вагондарын тізбекпен жапсырту. (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)		Ұшақтарды бояту. Балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу (сурет салу) Бұтақтардан ұшақты құрастыруды үйрету. (Құрастыру)	

	бетінде салуын үйрету. Көлік бейнесін бояту. Көліктерге арнап жолдар салдырту. (сурет салу)				
Балалармен жеке жұмыс	Болат Нурислам негізгі көлемі неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	Мақсұтұызы Дара құрастыру заттарынан бір қатарға тізіп поезд вагондарын жасату.	Дархан Раяна шырша жайлы такпақ үйрету.	Құдайберген Өмірсерік зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын , сын есімдерді қолдануды үйрету.	
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу, олармен еркін ойындарда баланың дербес әрекетін дамыту (құрастыру) Қимылды ойын «Шарды ұста»	Ертегі оқып оны ойыншықтар, суреттер, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп мазмұнын түсінуге үйрету (көркем әдебиет)	Қуыршаққа арналған әшекей сақина жасауды жетілдіру (мүсіндеу) Өртүрлі көлемдегі құрастырмалы заттардың атауын танып, санын (біреу-көп) деп ажырату дағдысын дамыту (құрастыру)	«Санжардың ойыншықтары». Өңгіме оқып беру.Ойыншықтарға ұқыпты болуды үйрету. (көркем әдебиет) Доппен ойындар.	

		Қимылды ойын: «Өз үйінді тап»	Таныс әндерді қайталап би қимылдарын орындауға ынталандыру (музыка)		
Балалардың үйге қайтуы	Табиғи материалдармен ойын ойнауды ұсыну Көлікте жүргендей болып ойнауды ұсыну. Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Желтоқсан айы 2023 жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 18.12.2023	Сейсенбі 19.12.2023	Сәрсенбі 20.12.2023	Бейсенбі 21.12.2023	Жұма 22.12.2023
Балаларды қабылдау	Балаларға жайлы ойын жағдайын жасап, көтеріңкі жайдары көңілмен қарсы алу. Тәрбиешімен сәлемдесуін жетілдіру. Баладан көңіл күйіне қарай жағдайын сұрау, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту) . Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Отбасында шынығу маңызы жөнінде ақпарат алу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Дәл осындайды тауып ал», «Анасын тап» Саусақ ойыны «Биші адамдар», Суретпен әңгіме: «Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылату. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді видео музыка сүйемелдеуімен қою. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу (музыка)				

	Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Музыка Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білуді үйрету	Дене шынықтыру Өртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен жүгіру, жүгіру доғаның, астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеуді үйрету	Дене шынықтыру Өртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен жүгіру, жүгіру доғаның, астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу дағдысын дамыту	Дене шынықтыру Өртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен жүгіру, жүгіру Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу және жазу гимнастикалық скамейканың астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу дағдысын дамыту
		Ойыншықтарды қораптан алып көрсетумен атауларын дұрыс айтылуын бақылау зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруін үйрету. (сөйлеуді дамыту және көркем	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу (сөйлеуді дамыту, құрастыру) Сазбалшықтан	Сөздердің дұрыс айтылуын бақылау зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруін үйрету (сөйлеуді дамыту) Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру. Қарапайым би	Ойыншықтарды қораптан алып көрсетумен атауларын дұрыс айтылуын бақылау зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруін үйрету. сөйлеуді дамыту,

		әдебиет) Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, қағазға сурет салуда дұрыс отыру, қағазды уағдамау, қаламды тарсылдатпауды, таяқшаларды салуда жұмысты ұқыпты жасауды үйрету. Сазбалшықтан қазылар жасау немесе дайын шарларды жіпке жапсырып орындауды үйрету (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)	таяқшалар мен шағын дотарды таңдауы бойынша жасату (мүсіндеу)	қимылдарын орындау денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. Әнді жеке және топпен айту (музыка)	көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту) .				
Серуен		Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту:	Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді	фотосуреттерден үй жануарларын тану, даусын айтуды ұйымдастыру. (қоршаған ортамен)	Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым

	үстіне, жанына қоюды жетілдіру. (құрастыру) Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Есімін атағанда жауап беру (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар, жеке жұмыстар	қалыптастыру. Есімін атағанда жауап беру (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар.	таныстыру) Еркін ойындар Таңдау бойынша қағаз сазбалшық алып түрлі түсті шарларды жасау немесе салу (мүсіндеу, сурет салу) Ойын «Ортамызда кім жоқ»	түсініктерді қалыптастыру. Есімін атағанда жауап беру (қоршаған ортамен таныстыру) (сенсорика) Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті).			
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» көркем сөзді эмоциалы қабылдауды үйрету. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)			
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру. (көркем әрекет)			

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)		Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білуді дамыту. (музыка) Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі бойыша қорабтарға жинау (сенсорика)	Қағазға ересектер салған суретке саусақпен (нүктелер)сурет салып толықтыру. (сурет салу)	Берілген ойыншықтарды 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі бойыша қорабтарға жинау (сенсорика, жапсыру)	Қағазға ересектер салған суретке саусақпен (нүктелер)сурет салып толықтыру. тафаретке асхана ыдыстарының орнын тауып орналастыру немесе сазбалшықтан үлкен кіші нан шелпектерін жасату (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс		Шойбек Әлинұр сөздердідұрыс айтуды ескере отырып,сөз тіркестерін (сын есім	Дауылбай Ақмейірім отбасы мүшелерінің жанына шарды орналастырып жапсыру	Ермекұлы Нұрали зат есімнің көпше түрінпайдалануға үйрету.	Жұмағали Нұртаза сүйіктіойыншығы допты сазбалшықтан мүсіндеуді

		+ зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.	жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру.		пысықтау.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен		Кітаптар қарату. Қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. (Сөйлеуді дамыту) Балалармен жеке жұмыстар. Қ/О «Поезд»	Берілген ойыншықтарды 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі бойыша қорабтарға жинау (сенсорика) Қ/О «Шеңберге тез тұр»	Қ/о «Күн мен жаңбыр» Құрдастарымен бірге орындықтарды құрастыруға баулу. Олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды жетілдіру. (құрастыру)	(құрастыру) Қ/О «Поезд» Еркін ойындар.
Балалардың үйге қайтуы	Үйде ойналатын ойындар ұсыну. Апта бойы алған әсерлерін сұрау, әңгімелесу дағдысын қалыптастыруды үйде жалғастыруды ұсыну.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Желтоқсан айы 2023жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 25.12.2023	Сейсенбі 26.12.2023	Сәрсенбі 27.12.2023	Бейсенбі 28.12.2023	Жұма 29.12.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасап, смалик арқылы көңіл күйін көтеру. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
	өзгерістер. Қызғалдақ, бәйшешек, наркес гүлдері туралы ақпарат беру. Топтағы гүлдерге күтім жасау туралы ақпарат алып, топтағы гүлдерге күтім жасату. (сөйлеуді дамыту) Балаларды екі гүлге сәйкес топтарға бөлу. Ал екінші орталық гүлдер бағын құрастырады. Бірінші топ гүлдерді қағаздан жасату. (құрастыру, жапсыру)	салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын айтып беруді үйрету. Әшекей заттардан гүлдердің бейнесін табу. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету (сөйлеуді дамыту) Дайын әшекей бейнелеріне гүлдерді салдыру, бояту (сурет салу)		Құмда сурет салу. (сурет салу)	Такпағын жаттату Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету. Жеке балалармен үстелде ойыншықтарды ойнату (сөйлеуді дамыту)
Екінші таңғы ас	Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Картотека №9	Картотека №10	Картотека №11	Картотека №12	Картотека №13
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты				

	тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату (музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Бесін ас	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау Ермексازдан қызғалдақ жасату. (мүсіндеу) Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету (музыка)	Балаларға әдебиет орталығында «Жалқау қыз» ертегісін оқып беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу (көркем әдебиет) Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар)	Балаларды орталықтарға бөлу. Ер балаларға дәндерді жапсырып құмыраны сәндету (мүсіндеу) Қыз балаларға кілемшені «қызғалдақ» оюларымен безендіруді үйрету. элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру. (сурет салу) «Жалқау қыз» ертегісін сахналау. (көркем әдебиет)	Балбақша құрастыру. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденеңнен орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау. (құрастыру) Балалардың сұранысы бойынша кітаптан	«Гүлдер саябағы» Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарату, ойнап болған соң оларды жинату және орнына қойғызу, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды меңгерту. Ұжымдық құрастыруға

		таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндету, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. (мүсіндеу)		ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан салыстырып бағалату (көркем әдебиет)	қызығушылықты ояту. (кұрастыру) Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды пысықтау. Кескішті қолдануды үйрету қызғалдақ гүлін мүсіндеуін ұйымдастыру. (мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс	Максұтұызы Дара қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.	Дархан Раяна әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау дағдысын дамыту.	Құдайберген Өмірсерік орталықтарға бөлініп үстел құрастыру және үстелге қоятын табақты мүсіндеуді үйрету.	Шойбек Әлинұр сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыруды үйрету. қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.	Дауылбай Ақмейірім тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұруды үйрету. суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын	Еркін ойындар	Еркін ойындар	Еркін ойындар	Еркін ойындар

	«Поезд» Құмда гүлдердің суретін салу. (сурет салу)	Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар Құрылыс материалдарымен еркін ойындар (кұрастыру)	Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»	Ләпбукке гүлдердің пішінін жапсыру. (жапсыру) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Балалардың үйге қайтуы	Оқып берген ертегілерді үйде қайталау.				

Мамыр айы 2023 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 20.05.2024	Сейсенбі 21.05.2024	Сәрсенбі 22.05.2024	Бейсенбі 23.05.2024	Жұма 24.05.2024
Балаларды қабылдау	Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін, денсаулығын сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата –аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау,атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасату,адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. (қоршаған ортамен танысу)				
Таңертеңгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыруды пысықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айтқызу. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Бір шаңырақ астында» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. Б. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер					
		Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру; шеңбер бойлап жүгіру; допты екі қолымен жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру; Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру; Қимылды ойын: Күміс алу	Музыка Музыкалық-ырғақты қимылдар: Музыкаға сәйкес қимылдарды орындауға, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауға үйренеді. Билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауға, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануға талпынады.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру; Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу; Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру; Қимылды ойын: «Күміс алу»	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру; Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру; Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр»
	Гүлдер топырағы құрғап, ойыншықтар кірлеп қалғанын бақылатып оларды суарып топты жинап ретке келтіруді ұйымдастыру. Өсімдіктерге күтім	«Кім жылдам?» ойынын ойнату. Үстел үстіндегідей затпен бірдей немесе ұқсас заттарды жинау. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен	Балаларға көрші ел Ресей туралы ақпарат беру. Олардың ұлты орыс екенін және олардың ұлттық киімдерін көрсету, киіп би билетіп ән айтқызу. (көркем әдебиет, музыка)	Топты сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция	Тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту. Фильм арқылы көрсету. Тәй тәй әнін айтқызу.

	жасауға баулуды жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу) «Әтеш пен бұлбұл» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізгі ойын балаларға түсіндіру. (көркем әдебиет)	(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), байыту. Оларды салыстыруды дамыту (сөйлеуді дамыту) Ұжымдық жұмыс. Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексازдан жасап жабыстырғызу. (мүсіндеу)	Орыс халқының ұлттық орамалына қарап, суретін бояту. Сурет салу кезінде қарындашты қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. (сурет салу).	құрастыруды үйрету (құрастыру)	(сөйлеуді дамыту)
Екінші таңғы ас	Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру	Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру	Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру	Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру	Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды дамыту (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау) (қоршаған ортамен танысу)				
Серуен	Картотека №14	Картотека №15	Картотека №16	Картотека №17	Картотека №18
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындату : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Ереже айту. (сөйлеуді дамыту) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету,				

	еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Өртүрлі, балалардың қалауы бойынша ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) .				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту) Балаларды екі топқа бөліп ермексаздан әр балаға бір адам пішінін жасату Екінші топта қағаздан әр бала адам сұлбасын адамдардың қолдарын ұстатып қосып жапсырту. (мүсіндеу, жапсыру) «Достық» туралы жаттаған әнін айтқызу (музыка)	Халықтар достығы дегеніміз не? басқа ұлт өкілдерін қалай танимыз? Суреттер арқылы әңгімелесу. (көркем әдебиет) Балаларды орталықтарға бөліп Әр түрлі ұлттың халық әндерін тыңдатып, би билету. (музыка) Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз,	«Үш аю» орыс халық ертегісін оқып беру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру (мүсіндеу) Конструктордан үйшік құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру)	Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; (жапсыру) Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттері. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздеріне ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)

		кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету. (жапсыру)		(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	
Балалармен жеке жұмыс	Ермекұлы Нұрәли қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	Жұмағали Нұртаза құрдастарымен ауызша қарым-қатынас жасауды дамыту.	Иса Айару өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету.	Қаржаубай Айым желдің дауысын ууу деп салуды үйрету.	Қаржаубай Хангелді аңдар жайлы карточкаларды таныстырп, балалардың дыбыстарды, сөздер мен сөз тіркестерін анық айтылуына назар аударуды үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				

Серуен	Еркін ойындар Табиғи заттардан құрылымдар құрастыру. (Құрастыру) Қимылды ойын «Жоғары лақтыр»	Қимылды ойын «Шеңберге түсір»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Поезд»	Еркін ойындар Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.				

Мамыр айы 2024 жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 27.05.2024	Сейсенбі 28.05.2024	Сәрсенбі 29.05.2024	Бейсенбі 30.05.2024	Жұма 31.05.2024
Балаларды қабылдау	Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін, денсаулығын сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата –аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау,атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасату, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. (қоршаған ортамен танысу)				
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыруды пысықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айтқызу. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Бір шаңырақ астында» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. Б. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру; шеңбер бойлап жүгіру; допты екі қолымен жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру; Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру; Қимылды ойын: Күміс алу	Музыка Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуге қалыптасады. Ән айту: Ән сөздерін дұрыс және анық айтуға, әннің сипатын бере білуге (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді) қалыптасады.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру; Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; Тура бағытта 4—6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу; Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру; Қимылды ойын: «Күміс алу»	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру; Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр»
	Гүлдер топырағы құрғап, ойыншықтар кірлеп қалғанын бақылатып оларды суарып топты жинап ретке келтіруді ұйымдастыру. Өсімдіктерге күтім жасауға баулуды жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу)	«Кім жылдам?» ойынын ойнату. Үстел үстіндегідей затпен бірдей немесе ұқсас заттарды жинау. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), байыту. Оларды салыстыруды дамыту (сөйлеуді дамыту)	Балаларға көрші ел Ресей туралы ақпарат беру. Олардың ұлты орыс екенін және олардың ұлттық киімдерін көрсету, киіп би билетіп ән айтқызу. (көркем әдебиет, музыка) Орыс халқының ұлттық орамалына қарап,	Топты сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету (құрастыру)	Тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту. Фильм арқылы көрсету. Тәй тәй әнін айтқызу. (сөйлеуді дамыту)

	«Әтеш пен бұлбұл» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізгі ойын балаларға түсіндіру. (көркем әдебиет)	Ұжымдық жұмыс. Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексаздан жасап жабыстырғызу. (мүсіндеу)	суретін бояу. Сурет салу кезінде қарындашты қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. (сурет салу).		
Екінші таңғы ас	Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру	Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру	Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру	Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру	Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды дамыту (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау) (қоршаған ортамен танысу)				
Серуен	Картотека №19	Картотека №20	Картотека №1		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындату : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Ереже айту. (сөйлеуді дамыту) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.				

	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Өртүрлі, балалардың қалауы бойынша ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту) Балаларды екі топқа бөліп ермексازдан әр балаға бір адам пішінін жасату Екінші топта қағаздан әр бала адам сұлбасын адамдардың қолдарын ұстатып қосып жапсырту. (мүсіндеу, жапсыру) «Достық» туралы жаттаған әнін айтқызу (музыка)	Халықтар достығы дегеніміз не? басқа ұлт өкілдерін қалай танимыз? Суреттер арқылы әңгімелесу. (көркем әдебиет) Балаларды орталықтарға бөліп Әр түрлі ұлттың халық әндерін тыңдатып, би билету. (музыка) Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету. (жапсыру)	«Үш аю» орыс халық ертегісін оқып беру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру (мүсіндеу) Конструктордан үйшік құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру)	Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; (жапсыру) Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттері. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздеріне ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)

Балалармен жеке жұмыс	Қайрат Жанұя есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыруды үйрету.	Марат Томирис фортепианоның дыбысталуын ажырата білуге үйрету. ртүрлі көлемдегі заттарды атауын танып, санын (біреу-көп деп ,ажыратуын дамыту.	Мұрат Асылым жүріп барып10-15 сантиметр биіктіктен секіруді үйрету. машиналарды, доптарды, шарларды орналастыру дағдысын дамыту.	Таңат Тахмина желдің дауысын уууу деп салуды үйрету.	Тұрғынбай Нұриман аңдар жайлы карточкаларды таныстырп, балалардың дыбыстарды, сөздер мен сөз тіркестерін анық айтылуына назар аударуды үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Еркін ойындар Табиғи заттардан құрылымдар құрастыру. (Құрастыру) Қимылды ойын «Жоғары лақтыр»	Қимылды ойын «Шеңберге түсір»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Поезд»	Еркін ойындар Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.				

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ

Мамыр айы (жалаушалармен)

I. Жүру, аяқтың ұшымен журу, жүгіру, қолдарын жанына созып жүру, жүгіру, жүру, екі қатарға тұру.

II. Жан-жақты дамыту жаттығулар:

1. Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.

1-қолды жоғары көтеру, 2-қолды оңға сермеу, 3-солға сермеу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау

2. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төмен.

1-оң қолды көтеріп, солға иілу, 2-бастапқы қалып, 3-сол қолды көтеріп оңға иілу, 4-бастапқы қалып, 4-5 рет.

3. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төмен. 1-қолды алға созу, 2-отыру, 3-тұру, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

4. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық қолдар жанында.

1-оң қолды жоғары көтеру, 2-түсіру, 3-сол қолды жоғары көтеру, 4-бастапқы қалыпқа келу. 4-5 рет қайталау.

III. Еркін тыныс алу жаттығулары.

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Қоян мен қасқыр (*Тәрбиеші балалармен бірге*)

Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.

Тырналар-тырналар

(*Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады*)

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болыңдар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.

Тышқандар мен мысық.

Балалар — тышқандар.

Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Шыбыққа қалпақ кигізу

Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттап білуге үйренеді.

Өз түсінді тап.

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменін әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз түсінді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанады. (5-6 рет)

Ақ доп, қызыл доп

Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.

Поезд

Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жакындап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

«Допты дәлдеп лақтыр»

Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға (дөңгелекке) лақтырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.

«Күміс алу»

Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына

кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.

«Не жедің, тауып айт»

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу. Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау. Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою. Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

«Торғайлар мен автомобиль»

Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады. Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.

Құстардың ұшып келуі

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.

Сақина жасыру

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырмаш.

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға: -ортанғы саусағымды тапшы,-дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап бередуі: басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 с саусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.
Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа бар
Сен тұр сиырыңа бар
Сен кішкентай әлі жас екенсің
Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.
Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:
Қуыр-қуыр ,қуырмаш
Балапанға бидай шаш
Әжең келсе есік аш
Қасқыр келсе мықтап бас
Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыларды істеп бола беріп:
Мына жерде қой бар
Мына жерде жылқы бар
Мына жерде жылқы бар
Мына жерде түлкі бар
- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды

Дидактикалық ойындар картотекасы

«Өзара айырмашылығын тап»

1.Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

2.Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.

Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.

Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

«Үйдің есігін жабайық»

Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: үй есіктерінің суреттері.

Мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.

«Вагондарға дөңгелек таңдау»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.

Құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.

Мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.

« Жұбын тап»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.

Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.

«Әдемі кілемшелер»

Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.

Мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.

Ертегілер

Жалқау қыз

(башқұрт ертегісі)

Баяғыда әжесі мен оның немере қызы болыпты. Әжесінің қартайғаны сонша, ештеңе істей де алмапты. Ал немере қызы тіпті жалқау екен. Кемпір жылдан жылға қартайып, қажы беріпті. Көктемнен аман-есен шыққан соң ол: «Тамақ керек, жұрттың бәрі, әне, егін егіп жатыр, біздің де бірдеңе сепкеніміз жөн»,— деп ойлайды. Ол осы ойын немересіне айтады.

— Қажеті жоқ, әже, сен мүлдем қартайдың, күзде мүмкін о дүниелік боларсың, одан соң мені өз отбасына алатын бір мейірімді адамдар табылар. Бізге нанның не керегі бар? — дейді немересі.

Осылайша олар ештеңе де екпейді.

Күз келіп, жұрт алқаптағы егінін жинап алады. Кемпір өлмейді, немере қызды да бағып-қағуға алатын ешкім болмайды. Олар ашыға бастайды.

Бірде көршісі келіп қалады да, әжесі мен немере қыздың жейтін ештеңесі жоқ екенін көріп:

— Келіп ең құрығанда кішкене болса да, тары алып кеткендеріңде ғой!

— дейді. Көрші кетіп қалған соң әжесі немересіне:

— Барып тары алып келсеңші! — дейді. Ал немересі оған:

— Алудың қажеті бар ма? Мүмкін оның тарысы жақсы емес шығар... —деп жауап қатады.

Қыс бойы кемпір мен немересі қатты ашығып, аштан өліп қала жаздайды. Көктем шығысымен немере қыз егістікке жұмысқа шығады.

— Жұмыс істеп қайтесің? — деп күледі көршілері. — Әжең сенің қартайды, төрінен көрі жуық. Ал сені тәрбиелейтін біреу табылар. Нан сендерге неге керек?

— Жоқ, болмайды, мен енді түсіндім. «Қыстың қамын жаз ойла»,— деп қариялар бекер айтпаған екен, — дейді немересі.

Орыс тілінен аударған Байбота Қошым-Нозай.

Әтеш пен бұлбұл

Ерте, ерте, ертеде әтеш пен бұлбұл араларынан қыл өтпейтін тату дос болыпты. Ол кезде екеуінің дене тұрқы да ұқсас екен. Күндердің күнінде тау қойнауындағы ұяларының қасынан өтіп бара жатқан аспан перизаты әтеш пен бұлбұлдың:

- Біз әнші болсақ қандай жақсы болар еді? — деп армандап отырғандарын естіп қалыпты. Ол мұны естігеннен кейін олардың қасына келіп әнші болуды қаласа, үйрететіндігін айтыпты. Әтеш пен бұлбұл қуана келісіпті.

Сонымен олар әнші перизаттан өнер үйрене бастапты. Бұлбұл орнынан таң сәріде тұрып, өнерге жаттығумен айналысады екен де, әтеш ұйқышылдау болып, кеш тұрады екен. Оның үстіне ол өзінің қызыл айдарын мақтан көріп, өзін бұлбұлдан артық санап жүріпті. Екеуіне бір жыл өнер үйреткен әнші перизат оларға:

- Сендер көп өнер үйрендіңдер, ендігі мәселе, сол өнерлеріңді өздерің дамытуларың керек, үзбей жаттықсаңдар, өрелі өнерге ие боласыңдар, мен енді бір жылдан кейін келіп, екеуіңнен сынақ аламын, - депті де көзден ғайып болыпты.

Әтеш пен бұлбұл ақылдасып, екеуі екі тауда тұрып, жағы талғанша сайрайтын болыпты, тіпті бұлбұлдың үнін ормандағы аңдар мен құстар да қызыға тыңдайды екен, ал әтеш болса өзінің даусының зорлығына сеніп, күні бойы ұясына кіріп ұйықтаумен болыпты. Ол үнемі ұйықтағандықтан, бұғағы салақтап, семіре бастапты әрі құйрығы да ұяда үнемі жатқандықтан, қайырыла-қайырыла қайқая дөңгеленіпті. Сөйтіп, ол біржылдың өткенін де сезбей қалыпты. Уағдалы уақытта бұлбұл мен әтешті әнші перизат іздеп келіпті. Ұйықтап жатқан жерінен оятып алса да, әтешті әзер таныпты. Әтеш болса ерекше семіргендіктен, әуелгідей ұзаққа ұша алмайтын болыпты.

Әнші перизат бұлбұл мен әтешті қатар тұрғызып, жеке-жеке сынақ алыпты. Бұлбұл құйқылжыта сайрағанда, әтеш шаңына да ілесе алмай қалыпты. Бұлбұлдың соншама өнер үйренгеніне қайран қалумен бірге өзінің күні бойы ұйқымен болғанын ойлап, қатты ұялыпты. Ол іштей ұйқысын азайтуға ант етіпті, әрі содан бастап әр күні ертемен тұрып, өзініңзор дауысы арқылы басқаларды оятып, ізгілікті іс істеу байламына келіпті. Сөйтіп өз кінәсін мойнына алуды ойлапты.

Сол күннен бастап әтеш ұша алмайтын болып қалыпты да, оның есесіне таңнан тұрып шақыратын болыпты. Ал бұлбұл өзінің өнерін қанағат тұтпай, күні бүгінге дейін жаттығады екен.

Ж. Жәкен